

Көшелерге атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Атамекен ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 129 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 желтоқсанда № 4293 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес халық пікірін ескере отырып Оңтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі қорытындысы негізінде Атамекен ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Атамекен ауылдық округіне қарасты көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1) Атамекен ауылындағы Жаңа құрылыс № 1 көшесіне – Қазына атауы;
- 2) Атамекен ауылындағы Жаңа құрылыс № 3 көшесіне – Ақ қайың атауы;
- 3) Талапты ауылындағы Жаңа құрылыс № 1 көшесіне – Темірқазық атауы;
- 4) Мақташы ауылындағы Жаңа құрылыс № 1 көшесіне – Парасат атауы;
- 5) Мақташы Жаңа құрылыс № 2 көшесіне – Ізгілік атауы;
- 6) Ғарышкер ауылындағы Жаңа құрылыс № 1 көшесіне – Шаңырақ атауы;
- 7) Қоғалы ауылындағы Жаңа құрылыс № 2 көшесіне – Өркен атауы;
- 8) Жемісті ауылындағы Жаңа құрылыс № 1 көшесіне – Болашақ атауы;
- 9) Тыңдала ауылындағы Жаңа құрылыс № 1 көшесіне – Шапағат атауы.

2. "Атамекен ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкім шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Мақтарал ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Мақтарал ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Атамекен ауылдық округі әкімінің
уақытша міндетін атқарушы:*

Е.Раев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК